

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Мен және менің мамандығым

ЖАРИЯЛАНДЫ  
28.04.2021СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/95115/>

## ҚКМК «Ақ бота сәбилер бақшасы»

## Педагог-психологы: Раисова Раушангул Бекеновна

## Эссе «Мен және менің мамандығым.»

*«Мен бір жұмбақ адаммын» оны да ойла**Абай Құнанбаев*

Мен кімін? Болашақта қандай мамандық иесі болғым келеді? Осы бір сұрақ өмірге келіп, сана-сезімі жетілген әр бір адамды толғандырары сөзсіз. Бір кездері мен де осы бір сұрақтың жетегінде көп ойланып, толғанып, қиялдап, өзім қалайтын, өзім сүйіп айналысатын істі таңдау жетегінде жүрдім. Ақырында осы бір сұраққа жауап та таптым..Ол әлем-психология әлемі болатын.

Психология әлемі, психолог мамандығы мені несімен қызықтырады? Психолог ол дәрігер емес, ол жанның емшісі дегендей, менде адам жанының емшісі болғым келді. Психолог мамандығын таңдаған себебім мен жетім балалар үйінде жұмыс жасағым келетін. Себебі ата-анасыз қалған балаларға жүрегімдегі жылу мен махаббатты сыйлағым келетін. Әрине ата-анасының махаббатымен салыстыруға болмайтынын білемін, бірақ та осы бір жан жылуына зәру жаутанкөздерге кішкенеде болса мейірім сыйлағым келетін. Сол арманмен жүріп психолог мамандығын таңдадым.

Сонымен психолог, ол кім? Психолог-өзінің білімі мен біліктілігіне сүйене отырып өзгелерді тығырықтан шығаруға көмектесетін ізгі жан. Психолог-өзін терең түсіне жүріп, өзгелердің жан-дүниесін түсінуге, зерттеуге ұмтылатын зерттеуші. Психолог-жәрдемші, психолог-көмекші. Психолог өзгелердің жанын ауыртпайды, керісінше жан-дүниесі күйзеліске түскен жандарға өзінің психология әлемін шарлап, жанына дауа іздейді. Міне, осыншама жақсылық атаулыны жүрегіне, ақылына, санасына шоғырландыра алатын ізгі жан иесі психология мамандығын таңдауымның басты себептері осындай. Себебі мен адамдарға жақсылық жасағанды бар жан-дүниеммен қаладым.

Жақсы психолог болу үшін не қажет? Ең алдымен терең білім, еңбек, дәлдік, ұқыптылық, бастамашылдық, қойған мақсатына жетуге деген өз күшіне сенімділік. Бұл қасиеттер кез-келген мамандық иесіне тән емес пе? Әрине солай. Ал психолог мамандығы бұдан да гөрі зор қасиеттерді талап ететін еңбек ету барысында сезініп, білудемін. Ең маңызды қасиет ол мәселені шығармашылықпен шешетін терең интуицияның болуы. Психолог-басқа адамның мәселесіне еніп, түсіне отырып, өзі бірақ бұдан зардап шекпейтін мықты тұлға. Психолог-өз өмірін тәжірбие ретінде қолданбайтын, әр нәрсеге объективті түрде қарай алатын адам. Психолог-өзгелермен бірге қуана да, қайғыра да алатын терең эмоционалды, жоғарыда айтқандай бірақ өзі бұдан зардап шекпейтін жан. Қазір мен балабақшада психолог бола жүріп, әр бір күн сайын бүлдіршіндер, ата-аналар, тәрбиешілерде кездесетін қиыншылықтар мен проблемаларымен бетпе-бет кездесіп өз білігімді шыңдау, іздену үстіндемін. Бұл мен үшін психология мектебі. Жалпы мені қоғамдағы басты проблемалардың бірі жасөспірімдер мәселесі қатты толғандырады. Олардың ішкі жан күйзелісін түсіне отырып, заманның індетіне айналған суицид ауруымен күресіп, өскелең ұрпақты осы бір әбжыланның уытынан құтқарғым келеді. Соңғы кездерде психолог мамандығына қажеттілік көбірек туындап отыр. Бұл немен байланысты? Мұның себептері көп, көмекке жүгінген әр адамның-біреуі жалғыз және оның қайғысына ортақтасып, қуанышына бөлісетін ешкімі жоқ, енді біреуі шынындада көмекке зәру. Қалай болғандада психолог көмегіне адам жүгінді., яғни себебі бар. Психологтың жұмысы осы себепті табу, онымен тіл табыса отырып жұмыс жасап, оны жою тәсілдерін қарастыру. Сондықтан мен өз мамандығымды қоғамға қажеттілігін сезіне отырып, ерекше жақсы көрем және жақсы психолог болу үшін бар ерік -жігерімді сарп етуге әзірмін.

**Педагог-психолог: Раисова Р.Б.**

**КМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.